"Бекітемін"
Бөбекжай-бақша әдіскері:__________А.О.Қанатқызы.

**ІІІ-апта (11.04- 15.04 Сәуір 2022 жыл)**
**№1 «Балдырған» кіші топ**

**Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**
**Апталық тақырып : " Су әлемі. Аквариум"**

**Мақсаты:** Балаларға табиғат жайлы ұғымдар беру, тірі,өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту, табиғатта болған таңғажайып құбылыстарды бақылай білуге үйрету, табиғатты сүюге, аялауға, оған қамқор бола білуге тәрбиелеу.

**Міндеттері:**
Балаларды табиғатты аялауға өсімдіктер мен жәндіктерді, балықтарды күтіп баптауға үйрету, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сұрақ қою арқылы өз ойларын жеткізе білуге сөздерді анық айтуға баулу.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 11.04.2022ж.** | **Сәрсенбі 12.04.2022ж.** | **Сәрсенбі 13.04.2022ж.** | **Бейсенбі 14.04.2022ж.** | **Жұма 15.04.2022ж.** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды амандасып, қабылдап, t өлшеу, тазалығын тексеру. | | | | |
| **Ата – аналармен әңгімелесу** | Ата- аналармен амандасып, демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | **Дидактикалық ойын: "Не жоқ?** **Мақсаты:** Балаларға "үлкен","кіші" ұғымдары туралы түсініктерін бекіту. Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. | **Санамақты үйрету.** **Мақсаты:** Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру. | **Қимылды ойын:** "Дыбыс қай жерден шығады?" **Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға кеңістікті бағдарлау, ептілікке үйрету. | **Ұсақ қол моторикарына арналған жаттығу.** **Мақсаты:** Қол және көз, қолдың ептілігі, саусақтар мен буындардың моторикасын дамыту. | **Дидактикалық ойын: "Жемістерді жина"** **Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін кеңейту.Оларды ажыратуға үйрету. |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | **Ертеңгілік жаттығу кешені** «Сылдырмақпен» | | | | |
| **Таңғы ас** | Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету.<br>Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру.Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру. | | | | |
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық** | **Дидактикалық ойын: «Нені қайдан аламыз?»** **Мақсаты:** Адамдарға қажетті заттарды тани,талдай білуге, нені қайдан алатынымызды | **Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен автомобиль » **Мақсаты**: Балаларды тәрбиешінің берген белгісі бойынша ,әртүрлі | **Дидактикалық ойын:** "Үйдің есігін жабайық" **Мақсаты:** Заттардың өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жеңішке заттарды | **Дидактикалық ойын: «Жасырынған кім?»** **Мақсаты:** Ойлау қабілетін, тілдерін дамыту. | **Санамақ:** Бас бармағым -атам, Балалы үйрек – әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкене бөбек – мен. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету. | бағытта жүгіруге үйрету. ойынға деген қызығу | ажыратуға жаттықтыру. өз орны бар екенін айтып Ойлау қабілетін дамыту. | | Міне, менің барлық отбасым. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **"Таным"**<br>**1.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Аквариумдегі керемет»**<br>**Мақсаты:** Ойындық әрекетті қолдана отырып, балаларды аквариуммен және оның тұрғындары – балықтармен таныстыру, балықтың түрі туралы, «алтын балық» туралы және оның айрықша ерекшеліктері жайлы, тыныс алу, тамақтану тәсілдері туралы біліммен ой - өрісін кеңейту арқылы су асты тіршілік иелеріне қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br>**"Шығармашылық"**<br>**1.Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Әдемі балықтар»**<br>**Мақсаты:** Балаларға бөлшектерден тұтас зат құрастыруды үйрету. Оны түрлі материалдардың көмегімен безендіруді үйрету арқылы саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру, балықтарға қамқор болуға тәрбиелеу. ***Жүру барысы:***<br>Амандасу,<br>Суретпен жұмыс,<br>Аквариумдегі балықтарды көрсету, оларға қамқорлық жасау,<br>Сергіту сәті,<br>Жапсыру, | **"Денсаулық"**<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Шортан мен балықтар»**<br>**Мақсаты:** Заттарды айнала отырып жүгіруге қалыптастыру.<br><br>**"Шығармашылық"**<br>**1.Музыка**<br>**Тақырыбы: «Бақа, бақа, бақ-бақ»**<br>А.Меңжанова<br>**Мақсаты:** Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға дағдыландыру. Табиғат, су әлемімен таныстыру.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл:<br>«Көктем» биі | **."Қатынас"**<br>**1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Су асты тіршілік иелері»**<br>**Мақсаты:** Балалардың қоршаған орта туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, табиғатта тіршілік ететін балықтардың түрлерін, дене мүшелері, олардың пайдасы туралы білімдерін кеңейту, балықтарды түсіне қарай атап тануға, жем шашуға үйрету, сөздік қорын молайту, қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру, су асты әлеміне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**"Шығармашылық"**<br>**1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Балықтар жүзеді»**<br>**Мақсаты:** Езілген бояуды жүргізу арқылы қағаз бетін толық бояуға үйрету. Қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту.<br>**Жүру барысы:**<br>Шаттық шеңбер,<br>Ғажайып сәт,<br>Суретпен жұмыс,<br>Сергіту сәті,<br>Сурет салу | **"Денсаулық"**<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Су асты әлеміне саяхат»**<br>**Мақсаты:** Шеңбер бойымен жүгіру. 30 секунд бойы тоқтамай жүгіру. Қос аяқтап секіруДене сапасын дамыту (күш,шыдамдылық, жылдамдық). | **"Денсаулық"**<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Кішкене өзен арқылы»**<br>**Мақсаты:** Масажды жол бойымен жүргізуге (Көпірден өтеміз) , допты алысқа лақтыруға үйрету.<br>**"Таным"**<br>**1.Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Көңілді балықшылар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды әртүрлі тәсілдермен судан затты алу дағдысына жаттықтыру, сумен ойын ойнату арқылы жағымды сезімді жеткізу, балаларды судың қасиетімен таныстыру, сумен ойналатын ойындар үшін керек жабдықтарды даярлауға, оны жинауға балаларды үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Жүру барысы:**<br>Шаттық шеңбері<br>Түсіндіру<br>**Қимылды ойын:**<br>**"Балық аулау"**<br>**Мақсаты:**Балаларды ептілікке, шапшандыққа үйрету.<br>Мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды мадақтау | | Мадақтау. | | |
| **Серуенге дайындк** | Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** | **1. Ағаштағы бүршікті бақылау.**<br>**Мақсаты:** Көктем мезгілінде ағаштар бүршік жаратынын түсіндіру.<br>**2. Еңбек:** Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау.<br>**3. Қимылдық ойын**: "Ақ серек, көк серек"<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалысын арттыру.<br>**4. Жеке-жұмыс:** Дастанға санамақ санап үйрету.<br>**5. Еркін ойындар.** | **1.Күнді бақылау.**<br>**Мақсаты**: жылуын, жарығын сезіну.<br>**2.Еңбек:** Ересектердің еңбегін бақылау.<br>**3.Қимылдық ойын:** "Мысық пен тышқан"<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**4.Жеке-жұмыс:** Камилаға өзі білетін тақпақты айтқызу.<br>**5. Еркін ойындар.** | **1.Құстарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** ұшып келген құстарды бақылау.<br>**2. Еңбек:** тастарды жинау.<br>**3. Қимылдық ойын:** "Маған қарай жүгір"<br>**Мақсаты:** шапшаңдылыққа үйрету.<br>**4. Жеке-жұмыс:** Амірхан мен Батырханға үй жануарларын атату.<br>**5.Еркін ойындар.** | **1.Ғимараттарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** биік-аласа ұғымын бекіту.<br>**2. Еңбек:** Ойын алаңынан тастарды жинау.<br>**3. Қимылдық ойын:** "Кім шапшаң?"<br>**Мақсаты**: қимыл-қозғалысын арттыру.<br>**4. Жеке-жұмыс:** Алпамыстан көктем ерекшеліктерін сұрау.<br>**5. Еркін ойындар.** | **1.Бұлттарды бақылау.**<br>**Мақсаты**:аспандағы бұлттардың әртүрлілігін бакылау .<br>**2. Еңбек:** Ойын алаңынан тастарды жинау.<br>**3. Қимылдық ойын:** "Кім шапшаң?"<br>**Мақсаты:** қимыл-қозғалысын арттыру.<br>**4. Жеке-жұмыс:** Зереге көкөністер мен жемістерді ажыратуға үйрету.<br>**5. Еркін ойындар** . |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.<br>**Бата**<br>Асың,асың асыңа,<br>Берекет берсін басыңа<br>Дастарханың мол болсын.<br>Уайым қайғың жоқ болсын | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға жәйлі жатып,тыныш ұйықтауға,жылы сөз айтып жатқызу. | «Әлди,әлди» әнін тыңдату арқылы ұйықтату. | "Бауырсақ" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату. | "Түлкі мен тырна" ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу. | Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру. | | | | |
| **Бесін ас** | Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | **Дидактикалық ойын:** «Жануарларды коректендір» **Мақсаты:** Балаларға орман жануарларына қамқор болуға, қорегін ажырата білуге үйрету . | **Қимылды ойын:** «Көңіл күй білдіру» **Мақсаты**: Берілген смайликтер арқылы баланың көңіл-күйін білдіру. | **Дидактикалық ойын: "Көліңкесін тап"** **Мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілеттерін, ойлау қабілетін дамыту. | **Қимылды ойын:** "Топта кім жоқ?" **Мақсаты:**Балалардың Ойлау қабілетін дамыту. | **Қол моторикасы: "Мойыншақты тізбекте"** **Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Зереге отбасы мүшелерінің аттарын атату. | Дастанға түстерді ажыратқызу. | Асмаға "көп", "аз", деген ұғымдарды меңгерту. | Алуадан пішіндерді ажыратуға үйрету. | Амірханға "Бауырсақ" ертегісін айтқызу. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу. | | | | |
| **Серуен** | **1.Көктемгі ағаштың бүршігін бақылау.** **Мақсаты:** ағаштың ерекшелігін ажырату. **2.Қимылдық ойын:** "Өз үйінді тап!" **Мақсаты:**ойынға қызығушылығн арттыру. **3.Еркін ойын.** | **1.Тас жолды бақылау.** **Мақсаты:** жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. **2.Қимылдық ойын:** "Бағдаршам" **Мақсаты:** қимыл-қозғалысын арттыру. **3.Еркін ойын.** | **1.Көктем мезгілінің ерекшелігін бақылау.** **Мақсаты:** табиғат құбылысын сезіну. **2.Қимылдық ойын:** "Жалаушаға жет" **Мақсаты:** шапшаңдылыққа үйрету. **3.Еркін ойын.** | **1.Жерді бақылау.** **Мақсаты:** ерекшелігін айту. **2.Қимылдық ойын:** "Ормандағы аю" **Мақсаты:**ойынға қызығушылығын арттыру. **3.Еркін ойын.** | **1.Ауа райын бақылау.** **Мақсаты:** ауа райының жылынғанын сезінуге үйрету. **2.Қимылдық ойын:** "Кім шапшаң?" **Мақсаты:** шапшаңдылыққа үйрету. **3.Еркін ойын** |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Балалардың дамуы туралы ата-анамен кеңес | Баланаң бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу, | Ата-анаға кеңес беру. | Демалыс күндеріне сәттілік тілей отырып үйлеріне тарату. |